

Келес аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 32-24-VI "Келес ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2020-2021 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 9-80 -VII шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8 бабының 1) тармақшасына сәйкес, Келес аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Келес аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 32-24-VI "Келес ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2020-2021 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2020 жылдың 14 желтоқсандағы № 5947 тіркелген, 2020 жылы 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық банкіне электронды түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Шешімнің 2 тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы мәслихат шешімі қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын."

2. "Келес аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы мәслихат шешімі қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Келес аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысы

А. Тотиков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК